



БЕКІТЕМІН

Қостанай облысы

әкімінің орынбасары

Б.Нарымбетов

» 2025 жыл

**Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған
«Ұлт руханиятының шамшырағы» атты
республикалық ақындар айтысының
ЕРЕЖЕСІ**

Өтетін уақыты: 2025 жыл, 20 қыркүйек.

Өтетін орны: Қостанай облысы Жангелдин ауданы «Топжарған» стадионы.

Ұйымдастырушы:

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ.

Айтыстың мақсаты:

- Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері, ұлт зиялылардың бірі Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, артынан айрықша өшпейтін із қалдырған еңбек жолдарын халыққа кең таралуына мән беріп, оның өміршеңдігінің сырын ашу, жас айтыскер ақындардың өрелі өнері мен өрнекті сөздерін байыту, қазақтың төл өнері мен ұлттық нышандарын қастерлеу.

Айтыстың кезеңдері:

- Айтысқа республика көлемінде кеңінен танылып жүрген, белгілі ақындар қатысады;
- Айтыс ақындары өзара тартылған жеребе арқылы жұптастырылады;
- Ақындарға 25 минут уақыт беріледі;
- Айтыс екі айналымнан тұрады. Іріктеу кезеңі, ақтық сайыс;
- Іріктеу кезеңінен жоғары ұпай алған ақындар ғана жүлделі орындар үшін ақтық сайыста айтысып өнер көрсетеді.

Айтысты бағалау:

- Айтысты қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды;
- Ақындардың ұпайы тең болған жағдайда қазылар алқасының төрағасының шешімі бойынша дауысқа ие болады;

- Айтысты бағалауда ақынның тақырыпты аша білуі, сөз саптау шеберлігі, тапқырлығы негізге алынады.

Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Айтыскер ақынның сөз тапқырлығы мен көркем ойға құралған өлеңінің әуенге үйлесімділігі;
- Айтыскерге берілген уақытты тиімді пайдалануы, тақырыпты аша білуі;
- Қарсыласына ұтымды жауап қайтару шеберлігі;
- Сахна мәдениеті мен киім үлгісінің жарасымдығы.

Ұйымдастыру комитеті:

- Ұйымдастыру комитеті дайындау және өткізу бойынша басшылықты жүзеге асырады, жүлделі орындардың саны мен қаржылай сыйақының мөлшерін анықтайды;
- Ұйымдастыру комитеті дайындау және өткізу барысында туындайтын өзге де мәселелерді шешеді.

Айтыстың жүлде қоры:

- Бас жүлде (1-еу);
- Бірінші орын (1-еу);
- Екінші орын (1-еу);
- Үшінші орын (2-еу).

Қазылар алқасы:

- Қазылар алқасының құрамы мәдениет және өнердің көрнекті қайраткерлерінен құралады;
- Қазылар алқасының шешімі түкпілікті және қайта қарауға жатпайды;
- Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және оның барлық мүшелері қол қояды;
- Қазылар алқасы ақындардың сөз саптау шеберлігі дұрыс болмаған жағдайда тоқтатуға құқылы.

Өтініштерді тапсыру шарттары:

Қатысушының жіберетін құжаттары:

- Жеке куәлік көшірмесі;
 - Ұлттық киім үлгісінде сапалы 2 суреті (13x18);
 - Банктегі 20 сандық есеп шоты;
 - Шығармашылық мәлімет пен байланыс телефондары;
 - Қостанай қаласы, Лермонтов көшесі 15. Тел.: 8 (7142) 56 01 29;
- e-mail: hsb@ocsnt.kz жіберілуі қажет.

Жол шығындары, тамақтану:

- Жол шығындары жіберуші жақтың есебінен;
- Жататын орны, тамақтануы ұйымдастырушылардың тарапынан жүргізіледі.